

Қарқаралы ауданының мәслихаты

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 17 қазандағы № VII-26/200 шешімі

Маслихат Каркаралинского района

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Нұркен Әбдіров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Нұркен Әбдіров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Нұркен Әбдіров ауылдық округі тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

С. Нуркенов



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

Қарқаралы аудандық мәслихатының

2022 жылғы 17 қазандағы

№ VII - 26/200

Шешіміне 1 қосымша

**Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Нұркен Әбдіров ауылдық округі
аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі****1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Нұркен Әбдіров ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген «Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік ережелеріне сәйкес әзірленді, және Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен Әбдіров ауылдық округінің Жарлы ауылы, Ақшоқы ауылы, Жекежал ауылы (бұдан әрі - Нұркен Әбдіров ауылдық округі) көшелерінің тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді белгілейді.

2 тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Нұркен Әбдіров ауылдық округінің аумағы көшелерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін әр көшеден бір адамнан Нұркен Әбдіров ауылдық округінің көшелерінің өкілдері сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен Әбдіров ауылдық округінің әкімі (бұдан әрі- Нұркен Әбдіров ауылдық округінің әкімі) шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелері туралы Қарағайлы кенті

әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен ғаламтор - ресурстар, мобильді немесе үй байланыс желілері, мобильді қосымшалар мессенджерлері арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Олардың тұратын жерлері шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізуді Нұркен Әбдіров ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 1 тармағына сәйкес Нұркен Әбдіров ауылдық округінің аумағында тұратын, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны Нұркен Әбдіров ауылдық округінде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Нұркен Әбдіров ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады. Нұркен Әбдіров ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Нұркен Әбдіров ауылдық округінің тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Нұркен Әбдіров ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасында:

- 1) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының өткізілетін күні мен орны;
- 2) көше шегінде тұратын және жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;
- 3) қатысушылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;
- 4) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны төрағасының және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

**Қарқаралы аудандық мәслихатының
2022 жылғы 17 қазандағы
№ VII - 26/200
Шешіміне 2 қосымша**

**Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Нұркен Әбдіров ауылдық
округінің Жарлы ауылы, Ақшоқы ауылы, Жекежал ауылы көшелері
тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Жарлы ауылы, Ақшоқы ауылы, Жекежал ауылы көшелерінің атауы	Көше өкілдерінің саны
	Жарлы ауылы	
1	Сарыарқа көшесі	1
2	Атамекен көшесі	1
3	Мектеп көшесі	1
4	Машанова көшесі	1
5	Нұркен Әбдіров көшесі	1
6	Жарлы көшесі	1
7	Ақшоқы ауылы, Ақшоқы көшесі	1
8	Жекежал ауылы, Жекежал көшесі	1
	Жиыны	8